

2025 жылғы 14 қараша

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ВСС Invest техникалық және экономикалық мамандықтардың студенттерінің арасындағы байқаудың бас серіктесі болды

Қараша айында ВСС Invest компаниясы техникалық және экономикалық мамандықтардың студенттері арасындағы республикалық байқауға бас серіктес ретінде қатысты. Байқаудың мақсаты – инновациялық белсенділікті ынталандыру, еліміздің қаржы-банк секторын дамытуға бағытталған болашағы зор ғылыми жобаларға қолдау көрсету.

Байқауды ҚР Банктер қауымдастығы, Мемлекеттік кредиттік бюро, Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті ұйымдастырды. Байқауға еліміздің 40 университетінен студенттер қатысты.

ВСС Invest сарапшылары байқаудың қазылар алқасы ретінде қатысты. 11 қараша күні Әлібек Оразақов (ВСС Invest Басқарма Төрағасының орынбасары) пен Сұлтан Жұмағали (Талдау және зерттеу департаментінің директоры) Алматыда өткен байқаудың қазылар алқасының құрамына кірді. 13 қараша күні Әлібек Оразақов пен Алдияр Әнуарбеков (ВСС Invest талдаушысы) Астанада студенттердің жұмысын бағалады.

Айта кететін жәйт, ВСС Invest компаниясы озат студенттерге 2026 жылы компанияда тағылымдамадан өтуге алты сертификат бөліп отыр. Аталған сертификаттарды студенттерге қазылар алқасы табыс етті.

«Біз осы байқаудың бір кірпіші болғанымызға және оны өткізуге қолдау көрсеткенімізге қуаныштымыз. Мен елімізде болашақта еліміздің қаржы жүйесінің дамуына сүбелі үлес қоса алатын дарынды жастар бар деп нық сеніммен айта аламын. Біздің компаниямыз өз кезегінде озат студенттерге келесі жылы компанияда тағылымдамадан өтуге және баға жетпес кәсіби тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беруге дайын», — деп атап өтті Әлібек Оразақов.

Компания туралы

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бастап қызмет атқарады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару,

қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді.
BCC Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген
10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

БАҚ-пен байланысатын тұлға:

Талита Жұматаева, тел.: +7 701 100 36 83
e-mail: tzhumatayeva@bcc-invest.kz